

К.Б. Жумашева^{1*}, Г.Г. Турганалиева¹, А.М. Өтесова¹

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан
(E-mail: kama0186@mail.ru)

Тұрақты тіркестердегі ер мен әйел бейнесінің гендерлік ерекшеліктері

Мақалада қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің гендерлік ерекшеліктері тілдік, әлеуметтік және мәдени аспектіде жан-жақты талданған. Зерттеудің негізгі мақсаты — қазақ халқының ұлттық дүниетанымында орныққан ер мен әйел бейнесінің тілдегі көрінісін фразеологиялық бірліктер негізінде анықтау, сондай-ақ бұл бірліктердің гендерлік рөлдер мен стереотиптерді қалыптастырудағы қызметін ашып көрсету. Гендер ұғымының тілдік жүйеде көрініс табуы тек грамматикалық категориялармен ғана шектелмей, тілдің әлеуметтік қызметі арқылы қоғамдағы гендерлік ұстанымдарды бейнелеумен тығыз байланысты. Зерттеудің теориялық негізіне Дж. Батлердің гендерді әлеуметтік-мәдени дискурс арқылы «перформативті» сипатта қарастыруы, Р. Лакоффың әйел сөйлеу мәнерінің әлеуметтік детерминациясы жөніндегі тұжырымдары және Д. Кэмеронның тіл мен гендерлік қатынастар арасындағы өзара байланысты талдауы алынған. Сонымен қатар отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика мәселелеріне қатысты зерттеулерге шолу жасалды. Материал ретінде І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» пайдаланылып, ерлер мен әйелдерге қатысты фразеологизмдер іріктеліп алынды. Ерлерге тән тіркестерде батырлық, қайсарлық, көшбасшылық, күш-қуат сияқты сипаттар басымдық танытса, әйелдерге қатысты тұрақты тіркестерде нәзіктік, сұлулық, тазалық, тартымдылық тәрізді сипаттамалар алдыңғы орынға шығады. Бұл ерекшеліктер қазақ қоғамындағы дәстүрлі гендерлік рөлдердің тілдегі көрінісі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде қазақ фразеологиясындағы гендерлік концептілердің ұлттық-мәдени кодтарды жеткізудегі және ұрпаққа жалғандағы маңызды рөлі айқындалды. Фразеологизмдер гендерлік дүниетанымды қалыптастыратын, мәдени сананы сақтайтын және қоғамдағы гендерлік қатынастарды реттейтін маңызды тілдік-мәдени құрал екендігі дәлелденді. Зерттеу қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика бағытын тереңдетуге септігін тигізіп, болашақта өзге тілдермен салыстырмалы зерттеулер жүргізуге негіз болады. Әдеби мысалдарда ерлердің батырлық бейнесі эпитеттер мен метафоралар арқылы сомдалса, әйелдер бейнесі лирикалық нәзіктікпен астасып, көркем образ жасауда шешуші рөл атқарады. Бұл тұрғыда гендерлік фразеологизмдер тек тілдік құрал емес, көркемдік тәсіл ретінде де бағаланады. Мақалада қарастырылған мәліметтер тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын, сондай-ақ ұлттық тілдегі гендерлік сана көріністерін сипаттауға бағытталған. Қазақ фразеологиясы арқылы мәдениеттегі гендерлік құрылымдар қалайша тілде кодталатыны нақты мысалдармен көрсетілді. Бұл зерттеу қазақ тілінің гендерлік мазмұнды беру тетіктерін талдау арқылы ұлттық мәдениеттің құндылықтарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: гендер, гендерлік зерттеулер, фразеологизмдер, гендерлік фразеологизмдер, гендерлік лингвистика, фразеологиялық бірліктер, гендерлік таптаурындар.

Kipicne

Тіл — адамның рухани және әлеуметтік өмірін бейнелейтін негізгі құрал. Ол халықтың тарихы мен мәдениетінің бірден-бір көрсеткіші, ұлттың дүниетанымы мен өзіндік болмысын танытатын құндылықтар жиынтығы. «Тіл арқылы қалыптасатын тұрақты тіркестер, яғни фразеологизмдер, халықтың өткен өмірін, ойлау жүйесін, күнделікті тұрмыс-тіршілігін және әлеуметтік-мәдени ұғымдарын бейнелейді» [1; 65]. Бұл ретте гендер ұғымы ерекше назар аударарлық құбылыс ретінде қарастырылады.

Гендер түсінігі лингвистикада көпқырлы сипатқа ие, ол тілдің грамматикалық құрылымынан бастап, гендерге байланысты әлеуметтік-мәдени рөлдер мен тұлғалық сәйкестіктерді де қамтиды. Ғалымдар гендерді тек тілдік категория емес, сонымен қатар тіл арқылы қоғамда қалыптасатын әлеуметтік құрылым ретінде қарастырады [2]; [3]; [4].

Грамматикалық тек (род) — көптеген тілдердегі зат есімдерге тән ерекшелік ретінде олардың синтаксистік байланысын және сөйлем ішіндегі үйлесімділігін анықтайтын маңызды тілдік категория болып саналады. Грамматикалық тек (род) семантикалық және морфологиялық/фонологиялық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kama0186@mail.ru

критерийлерге сүйене отырып анықталады, бұл балалардың тілді меңгеру үдерісінде белгілі бір когнитивтік қиындықтар тудыруы мүмкін [5]. Сонымен қатар когнитивтік және нейробиологиялық зерттеулер грамматикалық тектің адам миында қалай өңделетінін және оның тілдік қабылдау мен қайта жаңғырту үдерісіне әсерін көрсетеді [6].

Сонымен бірге гендер әлеуметтік лингвистика мен феминистік теорияда маңызды талдау объектісі ретінде қарастырылады. Гендер ұғымы биологиялық жыныстан тыс, мәдени және әлеуметтік құрылымдармен қалыптасатын құбылыс ретінде түсіндіріледі. Дж. Батлер гендерді өзгермейтін шындық емес, тіл мен мәдени дискурстар арқылы үздіксіз орындалатын үдеріс деп сипаттаса [7], Р. Лакофф әйелдердің тілдік ерекшеліктерін олардың қоғамдағы бағынышты мәртебесімен байланыстырады [8]. Ал Д. Кэмерон тілдің өзі гендерлік қатынастарды реттейтін құрал екенін дәлелдеп, гендерлік теңсіздіктің дискурстық сипатын аша түседі [9]. Гендер әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде қоғамдағы ерлер мен әйелдердің рөлдері, нормалары және тілдік бейнеленуі арқылы танылады [10]; [11]; [12]; [13]. А.В. Кирилинаның пікірінше, «гендер ұғымы тек адамның биологиялық ерекшеліктерімен шектелмейді, ол қоғам мен мәдениеттің әсерімен қалыптасқан ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін, мінез-құлқын сипаттайды» [14; 36], ал Г.Т. Шоқымның анықтамасы бойынша, бұл ұғым «тек жыныстық айырмашылықтарды ғана емес, сонымен қатар ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік рөлдерді, олардың қоғамдағы орнын, мінез-құлық ерекшеліктерін және мәдени таптаурындарды қамтиды» [15; 13].

Гендерлік лингвистика — бұл қазіргі таңда кеңінен дамып келе жатқан пәнаралық сала. Оның аясында тіл, қоғам, мәдениет, психология мен когнитивтік ғылым тоғысады. Зерттеулер көрсеткендей, гендерлік лингвистика тіл мен билік арасындағы қатынасты, гендерлік сәйкестілік пен коммуникациялық стратегияларды ашуға бағытталады. Ғалымдар гендер ұғымының тілдік парадигмада кеш пайда болғанымен, бүгінде әлеуметтік ғылымдардың маңызды зерттеу нысанына айналғанын атап көрсетеді [16].

Қазақ тіл білімінде гендер мәселесі салыстырмалы түрде кейінгі кезеңде зерттеле бастады. Әсіресе, қазақ мәдениетінде ер мен әйелдің рөліне қатысты қалыптасқан ұлттық ерекшеліктерді тілдік бірліктер арқылы анықтау мәселесіне мән берілуде. Әртүрлі тілдік бірліктер арқылы гендерлік түсініктерді зерттеу тілдің құрылымын, мәдениетті және әлеуметтік аспектілерді айқындауға мүмкіндік береді. Осы орайда, тілдегі фразеологизмдер гендер ұғымын концептуалдауда маңызды рөл атқарады. Фразеологизмдер тілдік қана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, менталитетін және әлеуметтік құрылымын көрсететін құнды дереккөз болып табылады.

Қазақстанда гендер мәселесі кейінгі жылдары ғана белсенді зерттеліп, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, осы ұғымның тілдік көріністерін, оның ішінде фразеологизмдер арқылы берілуін талдауға ерекше назар аударылып келеді. Г.Қ. Қортабаева мен Н. Есімбекованың жұмыстары қазақ тіліндегі фразеологизмдердің халықтың таным-түсінігіндегі гендерлік қырларын анықтаудағы маңыздылығын көрсетеді. Олар гендерлік фразеологизмдердің ұлттық-мәдени астарын ашып, олардың когнитивтік, этнолингвистикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін талдаған [17]. Ф.З. Мұхтарованың «Қазақ және түрік тілдерінде кездесетін «ер адамға» қатысты фразеологизмдер» атты мақаласы қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыруға бағытталған. Зерттеу барысында автор ер адамға қатысты тілдік бірліктердің гендерлік ерекшеліктерін, мәдени-әлеуметтік рөлдерін және ұлттық менталитеттегі бейнесін ашуға тырысқан [18].

Қазақ паремиологиясындағы «еркек» және «әйел» ұғымдарының лингвистикалық ерекшеліктері де ерекше орын алады. З. Исаеваның зерттеуінде бұл ұғымдардың қазақ дәстүрі мен фольклорындағы әлеуметтік рөлдерді қалай бейнелейтіні қарастырылады. Гендерлік концепциялардың мәдени құндылықтар мен ұлттық сәйкестікке ықпалы терең талданған. Қазақ фразеологиясындағы әйел бейнесі ұлттық сәйкестік пен мәдени мұраның көрінісі ретінде қарастырылады [19]. Г. Әбдімәулен мен Г. Сағидолда әйелдің отбасының ұйытқысы ретіндегі дәстүрлі бейнесінің қоғамдағы рөлі мен мәдени менталитетке әсерін зерттейді. Авторлар фразеологиялық тіркестердің ұлттық сана мен мәдениетті жаңартуға қосқан үлесін айқындайды [20]. Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындардың фразеологиялық модельдену ерекшеліктері А. Бақытжанова және т.б. еңбегінде талданған. Зерттеуде гендерлік рөлдердің тілдік көріністері мен олардың мәдениеттегі орны салыстырмалы түрде қарастырылады [21]. Осы зерттеулер қазақ тіліндегі гендерлік таптаурындардың тарихи, мәдени және тілдік негіздерін аша отырып, олардың ұлттық сана мен мәдениеттегі орнына кеңірек талдау жасайды. А. Игисинова, Г. Қосымова және З. Мамырхановалардың зерттеулерінде қазақ тілінде қолданылатын гендерлік таптаурындардың «еркектік» пен «әйелдік» дәстүрлі рөлдерін нығайтудағы

рөлі атап көрсетіледі. Авторлар лексикалық бірліктер мен коммуникативтік мәдениеттегі гендерлік бейнелердің адамның өзін-өзі және қоғамдағы рөлін қабылдауына ықпал ететінін дәлелдейді [22]. Қазақ мақал-мәтелдері гендерлік карама-қарсылықты көрсету құралы ретінде қызмет етеді. А. Раманова және т.б. қазақ мақал-мәтелдерінде ер адамдарды асыраушы, ал әйелдерді отбасының сақтаушысы ретінде бейнелейтін бинарлы гендерлік оппозициялардың патриархалдық көзқарасты нығайтудағы маңызын көрсетеді. Бұл мақал-мәтелдер отбасы мен қоғамдағы ерлер мен әйелдердің өзара толықтырушы рөлдерін айқындай отырып, қазақ мәдениетінің дәстүрлі негіздерін көрсетеді. Мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестердің мәдени таптаурындарды жеткізудегі рөліне ерекше назар аударылады [23]. Г. Мустағалиева және т.б. зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінде ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдері мен мәртебелерін бейнелеу арқылы мәдени таптаурындардың берілуі талданады. Авторлар бұл таптаурындардың қазақтың тілдік дүниетанымындағы ұлттық ерекшеліктерді көрсету құралдарының бірі екенін атап өтеді [24].

Осылайша, қазақ фразеологиясын гендерлік қырынан зерттеу қазіргі таңда белгілі бір деңгейде жүзеге асқанымен, фразеологиялық тіркестердің гендерлік қыры толық зерделенбеген. Әдебиетке шолу көрсеткендей, зерттеулерде негізгі материал ретінде мақал-мәтелдер алынып, фразеологиялық тіркестер зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Сондықтан бұл мақалада гендер ұғымын қалыптастырудағы фразеологиялық тіркестердің рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты — қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер негізінде ер мен әйел бейнесінің ұлттық дүниетанымдағы көрінісін анықтау. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі гендерлік мазмұнды білдіретін фразеологиялық тіркестер алынды. Зерттеудің өзектілігі қазақ фразеологиясындағы ер мен әйел бейнесінің тілдік репрезентациясы арқылы гендерлік концептілердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарды жеткізудегі қызметін айқындаумен ерекшеленеді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениет пен тілдің сақталуы, соның ішінде гендерлік ерекшеліктерді талдау арқылы ұлттық сәйкестікті нығайту мәселесі өзекті болып отыр. Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерде ер мен әйел бейнесінің қалай көрініс табатыны, сондай-ақ осы бейнелердің негізінде қалыптасқан гендерлік рөлдер мен таптаурындардың ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар бұл зерттеу гендерлік концептілердің қазақ мәдениетінде, әсіресе фразеологияда алатын орнын түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Осы зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде біз І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» пайдаландық [25]. Алғашқы кезеңде І. Кеңесбаевтың сөздігінен ерлер мен әйелдерге қатысты фразеологизмдер жүйелі түрде іріктеліп алынды. Бұл фразеологизмдер қазақ тілінде ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін, мінез-құлықтарын және қоғамдағы орнын сипаттайтын тұрақты тіркестерді қамтыды. Таңдалған фразеологизмдердің мағынасы және олардың қолданылу контексті жан-жақты талданды. Бұл кезеңде қазақ мәдениетіндегі ерлер мен әйелдерге қатысты фразеологизмдердің әлеуметтік-мәдени және гендерлік аспектілері анықталды. Мысалдар негізінде қазақ қоғамындағы гендерлік таптаурындардың қалыптасуы мен олардың ұлттық құндылықтармен байланысы зерттелді. Бұл талдау фразеологизмдер арқылы көрініс табатын гендерлік құбылыстардың маңыздылығын ашуға бағытталды. Зерттеу барысында фразеологизмдер тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы гендерлік рөлдер мен таптаурындарды бейнелейтін маңызды мәдени-әлеуметтік компоненттер ретінде қарастырылды.

Зерттеуде сапалық сипаттағы контент-талдау, семантикалық, компоненттік, сондай-ақ лингвомәдени, лингвопрагматикалық талдау әдістері қолданылды. Контент-талдау арқылы фразеологизмдердің жиілігі мен тақырыптық сипаты айқындалды, ал семантикалық және компоненттік талдау тәсілдері олардың ішкі мағына құрылымын және гендерлік мазмұн жүктейтін лексемаларды анықтауға бағытталды. Лингвомәдени әдіс фразеологизмдерде көрініс тапқан ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтарды сипаттауға мүмкіндік берді. Ал лингвопрагматикалық талдау фразеологизмдердің сөйлеу жағдаяты аясындағы қолданыс мақсатын, бағалауыштық реңкін анықтауға негізделді. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы қазақ фразеологиясындағы ер мен әйел бейнесінің тілдік көрінісін жан-жақты сипаттауға жол ашты.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Қазақ тіліндегі гендерлік мазмұнды фразеологизмдер ер мен әйелге қатысты қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен таптаурындардың көрінісі ретінде қарастырылады.

Бұл фразеологизмдер арқылы тілдік бірліктер тек сипаттау құралдары ғана емес, сонымен қатар белгілі бір гендерлік рөлдерді бекітудің, әлеуметтік мәртебені айқындаудың және ұлттық дүниетанымды жеткізудің қызметін атқарады, ұлттық мәдениеттегі гендерлік иерархияны танытып қана қоймай, белгілі бір мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға да ықпал етеді, фразеологизмдерде көрініс тапқан гендерлік мазмұн халықтың мәдени танымы мен гендерлік рөлдерге қатысты көзқарасын танытады.

Осы тұрғыдан алғанда, ер адамға қатысты фразеологизмдер оның қоғамдағы орнын, тұлғалық қасиеттерін және дәстүрлі рөлін айқындайды. Мысалы, *«Азу тісі пышақтай, арқасы ошақтай азаларың, әне, анау үйірге түскісі кеп тұр»* (Ө. Н.). *«Азу тісі пышақтай, арқасы ошақтай»* фразеологизмі — қазақ тіліндегі ер азамат бейнесін сомдауда жиі қолданылатын көркем әрі мағыналық жүктемесі зор тұрақты тіркес. Бұл тіркес ер адамның күш-қайратын, дене бітімінің ірілігі мен қайраттылығын сипаттау мақсатында қолданылады. *«Азу тісі пышақтай»* компоненті ер адамның тістері пышақ секілді өткір, яғни оның жыртқыштық қуаты бар деген мағынада беріледі. Ал *«арқасы ошақтай»* тіркесі арқасының кеңдігін, алыптығын білдіре отырып, адамның берік дене бітімін меңзейді. Бұл фразеологизм ер адамға тән физикалық қуатты, тұрмыстық, шаруашылық жұмыстарға жарамдылықты ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік рөлін — тірек болу, отбасы мен қауымға қамқорлық көрсету, көшбасшылық жасау секілді қасиеттерді де меңзейді. Қазақ қоғамында ер азамат — отбасының қорғаны, қауымның иесі ретінде сипатталады. Осы фразеологизм арқылы дәл сондай бейне жасалады: бұл тіркесті қолдану тыңдаушы санасында мықты, нар тұлғалы, ісіне мығым ер бейнесін қалыптастырады. Бұл сипаттама, әсіресе, көшпелі өмір салтында еңбекке қабілетті, жауға қарсы тұратын, шаруашылық пен отбасын қатар алып жүретін азамат бейнесін сомдауда маңызды. Фразеологизмнің құрамындағы лексемалар — «азу», «пышақ», «арқа», «ошақ» — барлығы дерлік қазақ халқының күнделікті өмірімен, мәдениетімен тығыз байланысты реалийлер. Бұл да тіркестің ұлттық-мәдени негізін айқындай түседі. Сонымен қатар фразеологизмнің бейнелілігі, метафоралық сипаты ер адамның қасиеттерін сипаттап қана қоймай, оларды көркем образ деңгейіне көтереді.

Тілдік тұрғыдан бұл тіркес мадақтау, көтермелеу, жігерлендіру мақсатында қолданылады. Прагматикалық жағынан тыңдаушыға әсер етудің, ер адамның қадір-қасиетін арттырудың тиімді құралы. Гендерлік аспектіде алғанда бұл фразеологизм қазақ тіліндегі ер азаматқа тән рөл мен мәртебені нақты көрсететін, ер мен әйел арасындағы дәстүрлі гендерлік шекараны бекітетін тілдік бірлік. Ер бейнесі мұнда — қайратты, қуатты, берік тұлға ретінде суреттеледі. Осылайша, *«азу тісі пышақтай, арқасы ошақтай»* тіркесі ер адамға тән әлеуметтік-мәдени рөл мен физикалық сипаттың символдық көрінісін тіл арқылы жеткізетін маңызды фразеологизм болып саналады.

«Садақтың оғы сан іреп, жүрегін жыртқан қоңыр жел. Азуын айға сан білеп, ерлер жортқан сары бел» (С. Б.). *«Азуын айға білеп»* фразеологизмі — қазақ поэзиясында ер адамның ержүректік, батырлық бейнесін сомдайтын экспрессивті тіркес. С. Бегалиннің *«Азуын айға сан білеп, ерлер жортқан сары бел»* жолындағы көркем қолданыс — ерлердің күрделі, қауіпті жолға тайсалмай шығуға дайын, рухани да, физикалық та қуаты жеткілікті екенін бейнелеу мақсатында қолданылып отыр. Бұл тіркестегі *«азу»* сөзі ер адамның күш-қайратын білдірсе, *«айға білеп»* деген бейнелі оралым — оның қаһарлы, қайсар табиғатын символдайды. *«Азуын айға білеп»* тіркесі — жортуылға шыққан, ешнәрседен қаймықпайтын, қауіпке бетпе-бет қарсы тұратын, қаһарлы ерлер бейнесінің көркем көрінісі. Мұндай фразеологизм қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында ер азаматтың негізгі миссиясы — ел қорғау, батырлық таныту, ұрпақты, жерді, отбасын сақтау екендігін паш етеді. Сонымен қатар бұл тіркес тек сыртқы күш пен қаһарды ғана емес, рухани беріктік пен жігерді де меңзейді. Яғни батырлық тек физикалық қуат емес, ол — ішкі рухтың беріктігі, ұлттық рухтың көрінісі. Поэзиялық контексте қолданылған бұл тіркес арқылы қазақ ерлерінің ерлікке дайын табиғи болмысы мен жауынгерлік рухы асқақ бейнемен беріледі. Фразеологизмнің астарында ер адамның әлеуметтік мәртебесі, гендерлік рөлі жатыр. Ол — күрескер, жауынгер, батыр тұлға. Гендерлік тұрғыда бұл — дәстүрлі патриархалдық қоғамдағы еркекке тән жоғары талаптардың тілдік көрінісі. Осы фразеологизмнің бейнелілігі, ұлттық-мәдени коды және гендерлік салмағы — қазақ тілінің фразеологиялық жүйесінде ерлерге қатысты рәміздік сипаттарды қалыптастырушы маңызды құрал екенін айқын көрсетеді.

Ер адамның дене бітімін сипаттайтын фразеологизмдер де көп кездеседі. Мысалы, *«Он бүктеліп, зор тұлғалы, алпамсадай азамат түсіп жатты»*. Агроном Ермұса Есмұхамбетовтің айтқан сөзіне сүйенсек, *«Алпамсадай жігіттер тұрғанда, мектептің оқушы қыздарына техниканы сеніп бере*

алмаймыз» («Лениншіл жас» газеті). «Алтамсадай жігіт» фразеологизмі — қазақ тіліндегі ер адамның дене бітімін сипаттайтын бейнелі тіркестердің бірі. Бұл тіркес арқылы ер азаматтың ірі, сом тұлғасы мен ерекше күш-қайраты суреттеледі, ер адамға тән күш, ептілік, сенімділік сияқты қасиеттерді көрсету үшін қолданылады.

Берілген екі мысалда бұл тіркес әртүрлі прагматикалық мақсатта жұмсалып тұр. Алғашқы сөйлемдегі «Он бүктеліп, зор тұлғалы, алтамсадай азамат түсіп жатты» тіркесі кейіпкердің көзге бірден түсер сом дене бітімі мен салмақты бейнесін көрсетеді. Мұнда «зор тұлғалы» сөзі мен «алтамсадай» тіркесі қатар келіп, ер адамның тұлғалық ірілігі мен байсалды бейнесін күшейте түседі. Бұл — адамның сыртқы келбетінің ішкі болмыспен үндесетінін аңғартатын тілдік тәсіл.

Екінші мысалдағы «Алтамсадай жігіттер тұрғанда, мектептің оқушы қыздарына техниканы сеніп бере алмаймыз» тіркесі прагматикалық жағынан ерлердің физикалық қабілетін техниканы меңгеруге жарамдылықпен байланыстыру үшін қолданылған. Мұнда «алтамсадай жігіт» образы арқылы ерлердің ірі денелі, күшті, еңбекке бейім екенін көрсету арқылы гендерлік салыстыру жүргізіледі. Сонымен қатар осы сөйлемде ер мен әйелге қатысты гендерлік стереотип байқалады: техника — ер адамға тән сала деген көзқарас тілдік деңгейде көрініс тауып отыр.

Тіркестің лингвомәдени мағынасына келсек, «алтамсадай» — тек дене бітімінің ірілігін емес, рухани да биік тұлғаны меңзейтін, ғасырлар бойы қалыптасқан батырлық ұғымын тірілтетін кодтық бірлік. Бұл фразеологизм қазақ тіліндегі ер адамға тән бейнені сомдауда кең қолданысқа ие және қазақ мәдениетіндегі еркек идеалының маңызды көрсеткіші. Осылайша, «алтамсадай жігіт» тіркесі ер адамның дене құрылымы арқылы оның әлеуметтік, рухани және кәсіби бейнесін қалыптастыратын мағыналық жүкке ие тұрақты тіркес ретінде бағаланады.

«Несін айтасыз, Абай аға! Үш-төрт жылдың ішінде ол балалардың өздері де өңкиіп, зіңгіттей жігіт боп алды. Сонымен көзім ашылды ғой (М. Ә.). «Ашуланба, баламысың! Өзің зіңгіттей азамат болдың деді Майбасар Абайға» (М. Ә.). «Зіңгіттей жігіт» фразеологизмі — қазақ тілінде ер адамның ержетіп, азамат қатарына қосылғанын бейнелейтін бейнелі тіркес. Бұл тіркес дене бітімінің ірі, сом тұлғалы болуын ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік жағынан толысқан, жауапкершілік ала алатын, өз алдына жеке тұлға ретінде қалыптасқан ер азаматты сипаттау үшін қолданылады. Мағыналық тұрғыдан бұл тіркес физикалық және психологиялық кемелденуді білдіреді. «Зіңгіттей» сөзі қазақ тілінде ірі, бойы биік, мығым деген мағынада қолданылып, әдетте ер адамдардың дене сымбатын сипаттайтын көркем бейне ретінде қызмет атқарады. Жоғарыдағы сөйлемде «зіңгіттей жігіт» тіркесі балалықтан есейген, ер жетіп, қоғамның белді мүшесіне айналған жас жігіттердің жаңа әлеуметтік мәртебесін білдіру үшін қолданылып тұр. Бұл сөйлемде «өңкиіп» сөзімен қатар келіп, тіркес олардың дене тұрқы мен болмысындағы өзгерісті нақты сипаттап береді. Ал «Өзің зіңгіттей азамат болдың» дегенде Майбасар Абайға қарап, оның ер жетіп, азамат ретінде танылғанын мойындайды. Бұл жерде тіркес тек сыртқы бітімді ғана емес, ішкі кемелділік пен қоғамдық жауапкершіліктің де символы ретінде көрінеді.

Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, «зіңгіттей жігіт» тіркесі қазақ қоғамында ер-азаматқа қойылатын идеалдық өлшемді көрсетеді. Мұнда азаматтық, ерлік, сенімділік, дене және рухани жетілгендік қатар бейнеленеді. Бұл тіркес тілде тек сипаттау құралы ғана емес, сонымен қатар ер адамның әлеуметтік орнын нақтылаушы, оның өмірдегі рөліне баға беруші мағыналық жүкке ие. Сонымен «зіңгіттей жігіт» фразеологизмі — қазақ тілінің бейнелі мүмкіндігін танытатын, ұлттық дүниетаныммен астасқан көркем тілдік құрал.

«Аруақты жігіт» фразеологизмі — қазақ тіліндегі ер азаматтың рухани-мәдени болмысын сипаттайтын бейнелі тіркес. Бұл тіркес әдетте айбынды, ел алдында беделі жоғары, бойында тылсым күш, ерекше рух бар, сөзі мен ісі бір, кісіге ықпалы бар, намысшыл, қайратты адамды сипаттау үшін қолданылады. Лексикалық мағынасы тұрғысынан «аруақ» сөзі халқымыздың дүниетанымында қасиетті, киелі рух ұғымымен байланысты, сондықтан «аруақты жігіт» деген тіркес тек дене бітімімен емес, оның ішкі рухымен, рухани айбынымен сипатталады.

Қазақ дүниетанымында «аруақ» — бабалар рухы, киелі күш ретінде санада танылса, бұл тіркес арқылы адам бойындағы ерекше күш-қайрат пен рухани қуат сол қасиетті түсінікпен байланыстырылады. «Аруақты жігіт» тіркесінің мағынасы көбінесе ел қорғайтын батырларға, намыс пен елдік сөзді ұстанатын ерлерге қатысты қолданылады. Тіркес арқылы сөйлеуші адамның мінезіндегі асқақтықты, отансүйгіштік пен рухани тұтастықты мадақтап көрсетеді.

Лингвомәдени тұрғыдан алғанда, бұл тіркес ұлттық дүниетанымдағы батырлық концептісімен тығыз байланысты. Яғни қазақ қоғамындағы ер-азаматтың идеал бейнесі — тек күшті дене бітімімен

емес, сонымен қатар рухының биіктігімен, әділеттілігімен, қорған бола алуымен бағаланған. Сондықтан да *«аруақты жігіт»* деген тіркес қазақ мәдениетінде тек мадақ сөз емес, сонымен бірге тұлғалық сипаттама, идеал ер бейнесінің символы.

«Сөзге шешен би болса да, жүрегінің түгі шыққан батыр болса да, төтеп беру керек» (М.Ә.) және *«Түгі бар жүрегінде кере қарыс, жасынан кеудесінде жанған намыс. Ер болды Аманкелді айдыны асқан, жігіттің бір сырттаны жас жолбарыс»* (О.Ш.). *«Жүрегінің түгі шыққан»* және *«түгі бар жүрегінде кере қарыс»* сияқты фразеологиялық тіркестер — қазақ тіліндегі ер адамның батырлық, ержүректік, қайсар мінезін білдіретін бейнелі тілдік құралдар. Бұл тіркестер ер азаматтың тек физикалық емес, ең алдымен рухани күшін, қорқыныш пен әлсіздікке берілмейтін мінезін сипаттауға бағытталған.

«Жүрегінің түгі шыққан батыр» тіркесінде жүрек адамның ішкі рухының, батылдығы мен намысының символы ретінде алынған. Ал *«түгі шығу»* — физикалық жағынан мүмкін емес құбылыс. Осы гипербола арқылы адамның ішкі қуаты мен батылдығы шексіз деген ой көркем жеткізіледі. Мұндай тіркестің астарында батылдық, тәуекелшілдік, қаймықпау сынды қасиеттер ұштасып жатыр. М. Әуезовтің мысалында бұл фразеологизм сөйлеу шеберлігімен қатар физикалық батырлықты, ішкі рухтың мықтылығын да біріктіре бейнелейді.

Өлең жолдарындағы *«түгі бар жүрегінде кере қарыс»* тіркесі де осы мағыналық қатарды жалғастырады. Мұндағы *«түгі бар»* тіркесі батыллықтың нышаны болса, *«кере қарыс»* деген теңеу арқылы ол қасиеттің көлемі, салмағы, айбындылығы арттырыла түскен. Бұл образ ердің кеудесінде бала кезінен бастап жанған намыс пен табанды мінезді паш етеді. Сонымен бірге *«жас жолбарыс»* теңеуі арқылы оның табиғи ерлігі, жаратылысынан алғыр, қайратты екендігі де астарлы түрде беріледі.

Бұл тіркестер лексика-семантикалық жағынан алып қарағанда адамның ішкі болмысын — намыс, рух, жүректілік ұғымдарын жануарлар әлемімен (түгі бар), физикалық кеңістік өлшемдерімен (кере қарыс) және метафоралармен (жас жолбарыс) ұштастыру арқылы жеткізеді. Мұнда сөздің бейнелілігі ғана емес, ұлттық таным мен дүниетаным да көрініс табады. Жүрек — ұлттық ұғымда адамның қайсарлығы мен адалдығының, намыстың символы болғандықтан, бұл фразеологизмдер ер азаматтың тұлғалық болмысын қалыптастыратын рухани белгілердің тілдік көрінісі.

Гендерлік тұрғыдан бұл тіркестер ер адамға тән қорған болу, қорықпау, қауіпті жеңу, халық алдында батыл әрекет ету сияқты мінез бен рөлдің қалыптасқан әлеуметтік-мәдени стереотип екенін көрсетеді. Олар қазақ қоғамындағы ерлерге қойылатын рухани және моральдық талаптардың тілдік деңгейде бекітілуінің мысалы болып саналады. Осылайша, *«жүрегінің түгі шыққан»* және *«түгі бар жүрегінде кере қарыс»* фразеологизмдері арқылы қазақ фразеологиясында ер азаматтың батыр, табанды, жігерлі бейнесі тілдік тұрғыдан көркем әрі мағыналы түрде сипатталады.

Қазақ тіліндегі ер адамның дене бітімі мен қайраттылығын сипаттайтын фразеологизмдердің бірі — *«екі иығына екі кісі мінгендей»* тіркесі. Бұл фразеологизм ірі денелі, кең иықты, еңгезердей ер адамның бейнесін беруге бағытталған. Мұндағы әсірелеу гиперболалық тәсіл арқылы жасалған, яғни ер адамның иығы соншалықты кең, оған екі кісі еркін отыра алатындай деген бейнелі сипаттама. Мұндай тіркесте дене бітімінің ірілігімен қатар, оның күш пен айбаттың символы ретінде көрінуі де маңызды. Кең иық — дәстүрлі қазақ қоғамында еркектің еңбекке жарамдылығын, ауыр тіршілікке төтеп бере алатын қуатын білдіретін негізгі сипаттардың бірі. Сондықтан бұл тіркес ер адамның көшбасшылық, қорған болу, физикалық беріктік сияқты әлеуметтік рөлдерімен тікелей байланыстырыла айтылады.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі *«арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты»* фразеологиялық тіркесі де ер адамның айбынды бейнесін тілдік тұрғыдан сомдауға арналған. Мұндағы «арыстан» мен «жолбарыс» — жануарлар әлеміндегі ең қуатты, қаһарлы, ештеңеден қаймықпайтын аңдар. «Арыстан» — айбат пен үстемдіктің символы, ал «жолбарыс» — шапшаңдық пен шабуылдаудағы қайраттың бейнесі. Осы екі метафораны қатар қолдану арқылы қазақ халқы ер адамның тек физикалық күші мен дене қуатын ғана емес, сонымен бірге ішкі рухының қуатын, күрескерлік мінезін, жігері мен батылдығын сипаттайды.

Бұл тіркестерде ер адам бейнесі көбінесе табиғаттың ең қуатты құбылыстарымен немесе жыртқыш аңдармен салыстырыла беріледі. Бұл салыстыру тәсілі — ерлерге тән қаһар, батырлық, күрескерлік мінездің тілдік бейнеленуінің көркем тәсілі ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы гендерлік идеалдың көрсеткіші. Мұндай тіркестер арқылы қазақ мәдениетінде ер адамның бейнесі қорған, жауынгер, тірек рөлінде сомдалады. Осылайша, *«екі иығына екі кісі мінгендей»* және

«арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» фразеологизмдері ер азаматтың физикалық қуатын, рухани жігерін және қоғамдағы жетекшілік рөлін бекітетін ұлттық-мәдени концепт ретінде қызмет атқарады.

Ер азамат бейнесі көбінесе күш-қайратпен, батырлықпен және қоғамдық жауапкершілікпен сипатталса, әйел затының бейнесі мүлде басқа қырынан көрініс табады. Қазақ фразеологиясында әйелдерге қатысты фразеологизмдер көбінесе олардың сұлулығын, нәзіктігін және тартымдылығын сипаттауға арналған. Бұл тұрақты сөз тіркестері қазақ мәдениетінде әйел затына деген көзқарасты, ұлттық дүниетанымдағы гендерлік ерекшеліктерді анық көрсетеді. Соның бір дәлелі — «*Білегінің шырайы ай балтаның сабындай*» фразеологизмі. Бұл тіркес, әсіресе, қазақ ауыз әдебиетінің жауһары саналатын «Қыз Жібек» жырында қолданылып, әйел бейнесінің көркем үлгісін жасауға қызмет етеді.

Мұндағы «*ай балтаның сабындай*» тіркесі қазақ тұрмысындағы симметриялы, өңделген, тегіс әрі әдемі затқа теңеу арқылы көркемдік сипат береді. Бұл салыстыру кездейсоқ емес: қазақ халқының дүниетанымында балта сабы — қолдан жасалатын, шеберлікпен өңделген бұйым, оның формасы мен көркемдігі әйелдің нәзік білегімен шендестіріледі. Осы тіркес арқылы қазақ поэзиясы мен фразеологиясында әйел сұлулығы ең алдымен, табиғи жарасымдылық, үйлесімділік және нәзіктік ретінде бейнеленетіні көрінеді.

Бұл тіркес прагматикалық тұрғыда мақтау, тамсану, сезімді ояту, эстетикалық ләззат ұсыну мақсатында жұмсалады. Лингвомәдени тұрғыда әйелдің тәні мен келбеті — мәдени құндылықтардың, ұлттық танымның бір бөлігі ретінде қарастырылып, поэтикалық мәтіндерде де, фразеологиялық жүйеде де көркем символға айналады. Сонымен қатар бұл тіркес қазақ қоғамындағы әйелге қатысты қалыптасқан гендерлік стереотипті де нығайтады: әйел — сұлу, нәзік, әсем болуға тиіс деген идея көркем тіл арқылы орнығып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Осылайша, «*Білегінің шырайы ай балтаның сабындай*» тіркесі тек тілдік оралым емес, әйел сұлулығын сипаттайтын, қазақ халқының эстетикалық талғамын танытатын, мәдени-гендерлік мазмұны терең фразеологиялық бірлік ретінде бағаланады.

Тағы бір мысал, «*Оның басын және қағып, екі інісінің үстіне қалап, үйге кіріп келсе, бір айдай сұлу қыз отыр*» (Қазақ ертегілері). «*Айдай сұлу*» фразеологизмі — қазақ тіліндегі әйел сұлулығын сипаттауда ең жиі қолданылатын әрі терең мағыналық жүк арқалаған тұрақты тіркестердің бірі. Бұл тіркес қазақ ертегілерінде, халық жырларында, ауыз әдебиеті үлгілерінде әйел бейнесінің көркем, мінсіз үлгісін жасау үшін қолданылады. Жоғарыдағы сөйлемде қыз бейнесі оқырманға бірден ерекше, адам таңғаларлық келбетпен ұсынылады. Мұндағы «айдай» сөзі — табиғаттағы ең жарық, көркем нысан — Аймен байланысты, ал «сұлу» сөзі — жалпы сұлулықтың ең жоғары бағаланатын эстетикалық сипаттамасы.

Фразеологизмнің бейнелілік қуаты оның семантикалық және мәдени мазмұнымен тереңдей түседі. Ай — қазақ мәдениетінде тазалықтың, нәзіктіктің, асқақтықтың және тылсым көркемдіктің символы. Сондықтан «*айдай сұлу*» тіркесі қыздың сұлулығын тек физикалық келбетпен ғана емес, сондай-ақ оның пәк, жұмбақ, биік болмысымен де астастыра сипаттайды. Бұл тіркес әйелдің келбетін мифологиялық, символдық деңгейге көтеріп, оны нағыз эстетикалық идеал ретінде ұсынады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, бұл тіркес әйелге тән рөлді көркемдіктің, үйлесім мен нәзіктіктің нышаны ретінде сипаттайды. Мұндай тіркестер әйелдің сұлулығын жоғары бағалағанымен, оның бейнесін көбіне сыртқы келбетке теліп, қоғамдағы гендерлік таптаурындарды да айқындай түседі. Бұл жерде әйелдің бағалануы — оның сыртқы келбетімен тікелей байланысты: мінсіз әйел «айдай сұлу» болуға тиіс. Мұндай тілдік модельдер ұрпақтан-ұрпаққа сұлулықтың әлеуметтік нормаға айналған өлшемдерін жеткізеді.

Прагматикалық жағынан алғанда, бұл тіркес мадақтау, қызығушылық ояту, ертегілік бейнені идеализациялау үшін қолданылады. Әсіресе ертегі жанрында «*айдай сұлу*» бейнесі оқиға желісіндегі ең бағалы, ең жоғары мәртебелі кейіпкердің сипатына айналады. Осылайша, «*айдай сұлу*» тіркесі — қазақ фразеологиясындағы эстетикалық идеал мен гендерлік дүниетаным тоғысқан көркем образды қалыптастырушы маңызды фразеологизм.

«*Сен қандай жақсы, қандай газиз, қаншалық айдай таза, күндей нұрлысың...*» (М.Ә.). Бұл фразеологизм әйелдің рухани және сыртқы сұлулығын қатар дәріптейді. Сөйлемдегі «*айдай таза*» және «*күндей нұрлы*» фразеологизмдері — қазақ тіліндегі әйел бейнесін эстетикалық әрі этикалық тұрғыдан идеалдандыруға бағытталған тұрақты тіркестер. Бұл тіркестер арқылы әйелге тән сұлулық тек сырт келбетімен шектелмей, оның рухани тазалығы, адамгершілік қасиеттері, жарық шашар ішкі әлемі де ерекше мәнге ие болады.

«*Айдай таза*» тіркесіндегі «ай» — дәстүрлі мәдениетте нұрлылықтың, жарықтықтың, пәктіктің символы, ал «тазалық» — қазақ дүниетанымында адамдықтың, адалдықтың, кіршіксіздіктің белгісі ретінде қарастырылады. Бұл фразеологизм әйелдің ішкі әлемі — оның ниеті, пейілі, мінезі, болмысы — табиғи жарықтықпен және кіршіксіздікпен теңестірілетінін көрсетеді. Ал «*күндей нұрлы*» тіркесіндегі «күн» — өмір мен жылылықтың көзі, нұр мен шапағаттың, тіршілік беретін құдіреттің символы. Осы тіркес арқылы әйелдің бейнесі тек көркем ғана емес, жылу сыйлайтын, рухани демеу болатын тұлға ретінде сипатталады.

Бұл тіркестер эмоционалды, экспрессивті бояуға қанық әрі метафоралық мәні терең. Олар ұлттық-мәдени танымдағы әйел рөлінің екі қырын — эстетикалық (сұлулық) және этикалық (рухани тазалық, ізгілік) тұтастығын білдіреді. Осы арқылы қазақ поэзиясында және фразеологиясында әйел бейнесі тек тән сұлулығы арқылы ғана емес, жан сұлулығы, адамгершілік қасиеттерімен бірге берілетінін аңғарамыз.

Гендерлік аспектіде бұл тіркестер қазақ мәдениетінде әйелге тән мінсіздік эталонын қалыптастырады: әйел таза, жарық, нұр шашатын тұлға болуға тиіс. Мұндай тілдік құрылымдар ұлттық санада әйел затына қойылатын жоғары моральдық стандарттар мен әлеуметтік күтілімдердің тілдік көрінісі ретінде қызмет етеді. Осылайша, «*айдай таза*» мен «*күндей нұрлы*» тіркестері қазақ фразеологиясында әйелдің ішкі және сыртқы болмысының үйлесімін дәріптейтін, көркемдік және мәдени-гендерлік мәні зор тұрақты тіркестер қатарынан орын алады.

«*Баласы сұлу, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар*» (С.К.) тіркесі — қазақ фразеологиясында әйелдің сыртқы келбетінің ең жоғары деңгейдегі мінсіздігін сипаттайтын бейнелі сөз үлгісі. Бұл фразеологизмде сұлулықтың эталоны ретінде табиғаттағы ең жарқын, көркем нысандар — ай мен күн алынып отыр. Мұндағы «*ай десе аузы бар*» тіркесі — аузының әдемілігін, сызылған пішінін, сөйлеу мәнері мен сөзінің көркемдігін сипаттаса, «*күн десе көзі бар*» — көз жанарының нұрлы, жылы әрі тартымды екенін білдіреді. Осы тіркестер әйелдің бет-жүзінің жарық, шырайлы, үйлесімді екенін көрсетуге бағытталған.

Тіркесте қолданылған поэтикалық салыстырулар — ай мен күн — қазақ халқының дүниетанымындағы ең биік эстетикалық бағалау өлшемдері. Бұл символдар арқылы әйелдің сырт келбеті ғана емес, сонымен қатар оның табиғатпен үйлескен көркем болмысы, жарық пен жылу тарататын бейнесі сомдалады. Яғни әйел сұлулығы — тек көзбен көретін құбылыс емес, ол айналаға әсер ететін, адамды таңғалдыруға, баурауға қабілетті күш ретінде қарастырылады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, бұл тіркес қазақ мәдениетінде әйел затына тән сұлулықтың ең жоғары үлгісін қалыптастырады. Әйел — сыртқы келбетімен көркем, мінсіз болуы тиіс деген гендерлік стереотип осы тіркес арқылы тілде орныққан. Мұнда әйелдің тұлғалық қасиеттері емес, оның тек сырт бейнесі тартымды аузы мен нұрлы көзі арқылы бағаланады. Бұл — эстетикалық сипаттаманың моральдық-психологиялық қырын көлегейлеп, әйел рөлін визуалды тартымдылықпен шектеу сипатын білдіреді.

Лингвомәдени тұрғыдан алғанда, бұл фразеологизм қазақ халқының поэтикалық тіл байлығы мен символдық ойлау жүйесінің жемісі. Ол көркем әдебиет пен фольклорда әйел бейнесін эстетикалық тұрғыдан идеалдандыру үшін қолданылады және ұлттың эстетикалық талғамының, мәдени көзқарасының қалыптасқан үлгісін танытады. Осылайша, «*ай десе аузы бар, күн десе көзі бар*» фразеологизмі — қазақ фразеологиясындағы сұлулықтың символдық өлшемін білдіретін, ұлттық дүниетаным мен гендерлік түсінікті ұштастыратын ерекше бейнелі тілдік құрал.

«*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін...*» секілді поэтикалық фразеологизм — қазақ халқының әйел сұлулығына қатысты эстетикалық дүниетанымының жарқын тілдік көрінісі. Бұл тіркес халық ақындарының өлең-жырларында жиі кездесетін, әйел келбетінің ұсақ, бірақ мағыналық тұрғыдан салмақты бөлшектерін сипаттауға арналған көркемдік құрал. Мұндағы әр компонент — әйел жүзінің бір бөлшегіне қатысты нақты әрі бейнелі сипаттама. «*Ай қабақ*» — қастың астындағы жұмыр, дөңес маңдай-қабақ бөлігі, айға теңеу арқылы оның жұмсақ пішіні мен табиғи әсемдігі бейнеленеді. «*Алтын кірпік*» — көзді қоршап тұрған кірпіктердің ұзын әрі жарқырағанын сипаттайды, ал «*қызыл ерін*» — еріннің қанық, денсаулық пен тартымдылық белгісін білдіретін түсі.

Бұл тіркес эстетикалық-функционалдық тұрғыда әйел жүзінің үйлесімділігін, нәзіктігін және көркемдік бүтіндігін суреттейді. Олардың әрқайсысы жеке символ бола отырып, біріге келе идеал әйел бейнесін құрайды. Мұндағы көркемдік тәсіл — метафора мен эпитетке негізделген поэтикалық образ жасаудың дәстүрлі үлгісі.

Лингвомәдени деңгейде бұл фразеологизм қазақ халқының сұлулық жөніндегі эстетикалық стандарттарын көрсетеді. Әйелдің бейнесі бөлшектей сипатталып, әр мүшесі символдық жүктеме арқалайды: қабақ — көрегендік пен жұмсақтық, кірпік — жан нәзіктігі мен сұлулық, ерін — сөз бен сүйкімділіктің белгісі. Бұл тілдік конструкция арқылы қазақ мәдениетінде әйелдің сыртқы келбеті мінсіздікке ұмтылатын, эстетикалық ләззат сыйлайтын бейне ретінде ұсынылады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, бұл фразеологизм әйел бейнесін визуалдық тартымдылыққа негіздеп сипаттайды. Әйелдің тұлғалық болмысы емес, сырт келбеті — көз, кірпік, ерін секілді нақты бөлшектер арқылы мадақталады. Мұндай тәсіл — дәстүрлі мәдениеттегі әйелге тән сұлулықты объективтендірудің көркем тілдік формасы. Сонымен қатар бұл тіркес қоғамдағы әйел рөліне қатысты идеалдарды орнықтырып, эстетикалық тұрғыдан жоғары стандарт қалыптастырады.

Осылайша, «*ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін*» фразеологизмі — әйел келбетінің бөлшектік сұлулығын жинақтап бейнелейтін, қазақ фразеологиясының поэтикалық және гендерлік мазмұнын ұштастыратын көркемдік-мәдени мәні зор тілдік бірлік.

«*Аршын төс, алма мойын, қиғаш қастан...*» (И.Б.) жолындағы тұрақты тіркестер — қазақ фразеологиясындағы әйелдің дене бітімі мен сыртқы келбетінің үйлесімділігі мен нәзіктігін суреттейтін бейнелі тілдік құрал. Бұл фразеологизмде әйелдің үш түрлі анатомиялық бөлігі көркемдік тұрғыда сипатталып, олардың әрқайсысы поэтикалық метафора арқылы эстетикалық символға айналады.

«*Аршын төс*» — кең, көркем мүсінді, дөңестеу, төсі бар әйел бейнесін береді. Бұл тіркес әйел мүсінінің сымбаты мен табиғи формасын мадақтауға бағытталған. «Алма мойын» тіркесінде «алма» — қазақ фольклорында жиі кездесетін әсемдік символы. Мұнда мойынның қысқа емес, нәзік, сопақша, иілуге ыңғайлы әрі шолпы тағуға лайық формасы бейнеленеді. Ал «*қиғаш қас*» — бет ажарын, көзқарастың сұлулығын айқындайтын деталь. Қиғаш пішінді қас — нәзіктік пен сүйкімділік нышаны ретінде дәстүрлі қазақ эстетикасында жоғары бағаланады.

Бұл тіркес тұтастай алғанда әйелдің дене бітімінің гармониялық сипаттарын, яғни сұлулықтың ұлттық танымға сай өлшемдерін береді. Қазақ фольклорында және поэзиясында мұндай тіркестер әйел затының табиғи тартымдылығын дәріптеу, поэтикалық бейне жасау мақсатында кеңінен қолданылған. Бұл жерде әйел бейнесі тек сыртқы келбеті арқылы сипатталады және ол көркемдік деңгейге көтеріліп, идеалданған эстетикалық үлгіге айналады.

Лингвомәдени тұрғыдан алғанда, мұндай тіркестер қазақ халқындағы әйел сұлулығына қойылатын дәстүрлі мәдени-эстетикалық талаптардың көрінісі. Дененің әрбір мүшесіне тән салыстырулар мен теңеулер арқылы әйелдің тартымдылығы тек визуалды қабылдауға ғана емес, сондай-ақ ұлттық ұғымдар жүйесіне сүйеніп түсіндіріледі.

Гендерлік аспектіде бұл тіркес әйелдің тартымды, нәзік, көркем болуы тиіс деген ұстанымды нығайта түседі. Бұл — әйелге қойылатын гендерлік стереотиптердің тілдік деңгейде көрінуі. Әйелдің бейнесі бұл жерде дене сымбаты мен әсемдігінің үйлесімдігіне негізделген, тұлғалық немесе ақыл-ой ерекшеліктері назардан тыс қалып қояды. Сондықтан мұндай фразеологизмдер бір жағынан эстетикалық идеалды көрсетсе, екінші жағынан гендерлік рөлдер мен күтілімдердің мәдени нұсқаларын қалыптастырады.

Осылайша, «*Аршын төс, алма мойын, қиғаш қас*» фразеологизмі — қазақ поэзиясы мен фразеологиясындағы әйел сұлулығын көркем тілмен бейнелеудің ұлттық формасы, әрі әйелге қатысты эстетикалық және гендерлік дүниетанымның тоғысын білдіретін символдық сипаттағы тұрақты тіркес.

«*Аш беліңіз бүгілген*» (Жамбыл) фразеологизмі — қазақ тіліндегі әйелдің сымбаттылығын, нәзіктігі мен әсемдігін сипаттайтын бейнелі тұрақты тіркес. Бұл тіркесте әйелдің белінің нәзіктігі мен иілгіштігі мадақталады, ал «*аш бел*» тіркесі қазақ фольклоры мен поэзиясында ежелден әйел дене бітіміндегі сұлулық эталоны ретінде қабылданған.

Семантикалық тұрғыдан алғанда, «*аш бел*» — жіңішке, икемді, нәзік бел, ал «*бүгілген*» сөзі — дене қимылының икемділігін, әсем қозғалысын сипаттайды. Бұл тіркес арқылы поэтикалық мәтінде әйелдің тән сұлулығы мен жаратылысынан берілген көркемдік ерекшелігі бейнеленеді.

Лингвомәдени аспектіде қарастырғанда, бұл фразеологизм қазақ халқының эстетикалық талғамы мен әйелге тән тартымдылық белгілерін тіл арқылы жеткізудің ұлттық көрінісі болып табылады. «*Аш бел*» — қазақ поэзиясында әйелдің дене құрылымындағы ең көркем тұстардың бірі ретінде қарастырылған. Мұндай тіркестерде белдің жіңішкелігі мен иілгіштігі сұлулықтың, нәзіктіктің, үйлесімділіктің нышаны ретінде ұсынылады.

Гендерлік тұрғыдан бұл тіркес әйелдің сұлулығын дене пішіні арқылы бағалауға негізделген мәдени стереотиптерді көрсетеді. Мұнда әйелдің тұлғалық қасиеттерінен гөрі, сыртқы келбеті мен дене пішініне баса назар аударылады. Бұл — патриархалдық эстетикалық өлшемдерге негізделген көзқарастың тілдік деңгейде көрініс табуы.

Сонымен қатар «*аш беліңіз бүгілген*» тіркесі поэтикалық контексте әйелдің нәзіктігі мен инабаттылығын да меңзеп тұруы мүмкін. Яғни дене бітімінің нәзіктігі арқылы ішкі болмыстың жұмсақтығы, ұяңдығы, тәрбиелілігі астарлы түрде жеткізіледі.

Қорытындылай келе, «*аш беліңіз бүгілген*» фразеологизмі қазақ мәдениетінде әйел сұлулығын, нәзіктігін және эстетикалық үйлесімділікті сипаттайтын көркем тілдік құрал ретінде қызмет етеді. Бұл тіркес ұлттық дүниетанымда әйелге тән сұлулық эталонын бейнелеумен қатар, қоғамдық санада орныққан гендерлік рөлдердің де көрінісі.

«*Айттым сәлем, қалам қас...*» (Абай) сөйлеміндегі тұрақты тіркес — қазақ поэзиясында әйел сұлулығын сипаттайтын ең нәзік әрі көркем фразеологиялық бірліктердің бірі. Мұндағы «*қалам қас*» тіркесі әйелдің бет-әлпетіндегі үйлесімділікті, әсіресе қастың жіңішке, түзу, сұлу пішінін білдіреді. Тіркестегі «қалам» сөзі жіңішке, түзу деген мағынада қолданыла отырып, қастың көркемдігін айшықтайды. Бұл образ қазақ мәдениетінде қалыптасқан эстетикалық талғаммен үйлесіп, әйел бейнесінің тартымдылық өлшемін нақтылап береді.

Тілдік тұрғыдан алғанда, бұл тіркес ауыспалы мағынада қолданылып, тұрақты фразеологизмге айналған. Яғни мұнда қастың тура көрінісінен гөрі, оның эстетикалық және символдық сипаты алдыңғы қатарға шығады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында әйел сұлулығы көбінесе қас, көз, кірпік, шаш, ерін сияқты бет-жүз бөліктері арқылы бейнеленеді. Сол дәстүр бойынша, «*қалам қас*» тіркесі де мінсіз келбеттің, нәзік болмыстың бір бөлшегін сипаттайды.

Гендерлік дискурс тұрғысынан қарағанда, бұл тіркес қазақ қоғамындағы әйел образының белгілі бір идеалға сай келуін көрсетеді. Әйелдің сыртқы келбеті, әсіресе оның нәзіктігі мен көркемдігі — ұлттық танымда маңызды орын алады. «*Қалам қас*» — нәзіктіктің, сұлулықтың, үндестіктің поэтикалық нышаны ретінде әйел затының мінсіз бейнесін тіл арқылы сомдауға бағытталған. Бұл тіркес поэзияда тек сырт келбетті сипаттау үшін ғана емес, сонымен бірге ұлттық эстетика мен мәдени құндылықтарды көрсету құралы ретінде де қызмет атқарады.

Қорытындылай келе, Абай қолданған «*қалам қас*» тіркесі — қазақ фразеологиясында әйелге тән нәзіктік пен сұлулықтың символы. Ол ұлттық мәдениеттегі эстетикалық идеалдарды бейнелеумен қатар, гендерлік рөлдер мен стереотиптердің тілдік көрінісін де айқын сипаттайды.

«*Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмишат...*» (М.Ә.). деген сөйлемде әйел сұлулығының тілдік бейнесі ерекше нақышпен сипатталады. Мұндағы «*қарақат көзді*» тіркесі әйелдің көзінің тереңдігі мен тартымдылығын суреттейтін тұрақты тіркес ретінде көрінеді. Қарақат — қою қара, мөлдір әрі жылтыр жеміс, ал осы жеміспен көздің салыстырылуы — көздің түсін, жылтырлығын және табиғи әдемілігін бейнелі түрде жеткізудің көркем тәсілі.

Фразеологиялық тұрғыдан «*қарақат көз*» тіркесі — номинативті-фигуративті мәнге ие, яғни тек сипаттау емес, сонымен бірге эмоциялық-экспрессивті әсер тудырушы құрал. Бұл сөз тіркесі арқылы оқырман кейіпкердің көркіне ғана емес, оның ішкі нұры мен тартымдылығына да назар аударады. Мұндай теңеу қазақ әдебиетінде әйел затының көркемдігін сипаттауда жиі қолданылады және ұлттық эстетикалық дүниетанымның қалыптасқан элементтерінің бірі саналады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, бұл тіркес әйелдің сырт келбетін сипаттаумен қатар, оның нәзіктігін, тартымдылығын және ұлттық сұлулық эталонына сай болмысын көрсетеді. Мұнда әйелдің көз жанары — тек биологиялық сипат емес, сонымен қатар оның жан сұлулығының, ішкі әлемінің символы ретінде көрінеді. Осылайша, «*қарақат көз*» тіркесі әйел бейнесінің толыққанды көркем моделін жасауға септеседі.

Қорыта айтқанда, М. Әуезовтің бұл сөйлеміндегі «*қарақат көз*» фразеологизмі — ұлттық поэтикалық дүниетанымдағы нәзіктік пен көркемдікті тіл арқылы айшықтайтын көркем образ. Ол фразеологияда әйелдің сұлулығы мен сүйкімділігін бейнелейтін символикалық элемент ретінде маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар сөздікте академик І. Кеңесбаев «қыз» атауына қатысты тұрақты тіркестерге молынан мысал келтіре отырып, олардың типтерін ажыратып, мағынасын ашып көрсетеді. Мысалы, *Қиғаш қас сұлу қыз*. Құдайдан жатсам тұрсам мен тілеймін пендеңе жолықтыр деп қиғаш қасты (А.Ә.). *Хордың қызындай*. Діни сенім бойынша, ұжмақтағы (пейіштегі) ең сұлу қыз. Бас жағымда ертегіде айтылатын *қордың қызындай* қаздиган бойы бар бір сұлу отыр (Ж.Ж.). *Қыз айттырды*.

Көне. Қызға құда түсті, атастырды, қызды алмақ болып уәде байласты. Әжібайға бес жасында-ақ *қыз айттырып*, мал беріліп қойылған (С.Т.). *Қызда қырық есекке жүк болатын айла бар. Қыз қылығы қырық есекке жүк.* Қыз айлалы, қу, қылығы, назы көп деген мағынада. Әлде... *қызда қырық есекке жүк болатын айла бар* дейтін еді, айлалап жүр ме екен? (Ғ.М.). *Қыздан туған қиықсыз.* Қыздан туғанда қиық жоқ. Жат емес. *Қыздан туған қиықсыз* деген бір сөз бар мақалдан Бақытты ерге тап болды, Халінде күйсіз тақалған (Ғ.Ш.). *Қыздың жиган жүгіндей.* Қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы. Алатауым әсемденген *қыздың жиган жүгіндей* (ҚӘН.). *Қыз қашар.* Көне. Қызды қашыруға себеп болған кісілерге күйеудің беретін сыйлығы. *Қыз қуу.* Той думандарда жүйрік атқа мінген қызды жігітке кудыру ойыны. Тойда ат шабу, балуан күресу, *қыз қуу* сияқты ұлт ойындары болады (С.М.). *Қыз мінезді.* Мінезі жайлы, сызылып тұратын жас бала, я жігіт туралы айтылады. *Қыз ояту.* Ескі салт. Түнде қыздың қойнына бару. Бозбалашылықты басынан талай өткізген сары қарын бәйбішесі... екі қызының ортасына жиен баласын жатқызған. *Қыз ояту* — ол күнде дағдылы әдет (І.Е.). *Қыз талақ.* Боқтау сөз. Қасиетті асқан ел алад, Қылығы асқан қыз алад, Қасиет, қылық білмеген *қыз талақтар* нені алад (М.Ә.). *Қыз танысу.* Қыздың ұзатыларда туған-туысқандарымен қоштасуын қазақта «*Қыз танысу*» деп атайды (ҚССРТ). *Қыз теке.* Үнемі қыздармен косылып ойнайтын ер балаға, еркекше киінетін қыз балаға қойылған ат, теңеу ат; *Қыз ұзатты.* Қызды күйеуге берді, қызды барар жеріне шығарып салды. Осы қалада *қыз ұзатылса*, келін түссе... Абайдың сөзі, әндері көп жерде-ақ айтыла, атала жүретін (М.Ә.). *Сұңғыла қыз.* Құлығы, қылығы асқан қыз. Әлде *сұңғыла қыз* жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен? (Ғ.М.). *Тарау қыз.* Тал бойлы талдырмаш қыз т.б.

Қазақ тіліндегі «қыз» концептісіне қатысты фразеологизмдер халықтың эстетикалық талғамы мен гендерлік дүниетанымының көркем көрінісі ретінде қызмет етеді. Бұл тіркестерде әйел затының сырт келбеті, мінезі, әлеуметтік рөлі мен ұлттық дәстүрдегі орны жан-жақты сипатталады. Семантикалық тұрғыда бұл фразеологизмдер қыз бейнесіне тән қасиеттерді сипаттай отырып, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты жеткізеді. Мәселен, «*қыздың жиган жүгіндей*» тіркесі — жинақылық пен әсемдікті білдірсе, «*қызда қырық есекке жүк болатын айла бар*» тіркесі — мінездік күрделілікті, нәзік психологиялық астарды мензейді. «*Қыз мінезді*» сияқты тіркестер метафоралық мағынада ер адамның бойынан байқалған нәзіктік пен әдептілікке таңылса, «*қыз ояту*», «*қыз айттырды*», «*қыз танысу*» тіркестері қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік институттарын — құда түсу, ұзату, үйлену рәсімдерін белгілейді.

Лингвомәдениеттанымдық тұрғыда қызға қатысты фразеологизмдер — ұлттық болмыс пен салт-дәстүрдің тілдік көрінісі. Бұл тіркестер тек дене сұлулығын ғана емес (мысалы, қиғаш қас сұлу қыз, хордың қызындай), сонымен бірге ұлттық мінездің, тұрмыстық танымның да бейнеленуін қамтиды. Олар арқылы қыз баланың қоғамдағы орны, оған деген дәстүрлі көзқарас пен тәрбие жүйесі танылады.

Гендерлік лингвистика тұрғысынан бұл фразеологизмдерде қыз бейнесі гендерлік стереотиптер негізінде сомдалады: сұлулық, нәзіктік, әдептілік, ұялшақтық — «қызға тән» деп танылған қасиеттер жүйесі фразеологизмдерде тұрақты түрде көрініс табады. Сонымен бірге «*сұңғыла қыз*», «*қызда қырық есекке жүк болатын айла бар*» сияқты тіркестерде қыз айлакер, ақылды, қулығы басым образда беріліп, гендерлік амбиваленттілікті (екіжақтылықты) да көрсетеді. Бұл — ұлттық санадағы әйелге деген кешенді көзқарастың тілі арқылы қалыптасқан көрінісі.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі гендерлік мазмұнды фразеологизмдер ер мен әйелдің қоғамдағы рөлін, мінез-құлқын, сыртқы бейнесін тілдік тұрғыда бейнелеудің маңызды құралы ретінде көрініс табады. Ер азаматқа қатысты фразеологизмдерде күш-қайрат, батырлық, айбындылық, көшбасшылық сияқты қасиеттер тілдік және мәдени символдар арқылы суреттелсе, әйел бейнесі көбіне нәзіктік, сұлулық, көркемдік, инабаттылық сипаттарымен айқындалады. Бұл тіркестердің құрылымы мен мағынасы гендерлік стереотиптерге негізделі отырып, қазақ қоғамындағы дәстүрлі ер мен әйел бейнесінің қалыптасуына ықпал етеді.

Ер адамға қатысты «*азу тісі пышақтай*», «*аруақты жігіт*», «*жүрегінің түгі шыққан*», «*алпамсадай*», «*зіңгіттей жігіт*» сияқты фразеологизмдер тек физикалық қуатты емес, сонымен қатар рухани беріктік пен әлеуметтік жауапкершілікті жеткізетін тілдік бірліктер екені анықталды. Бұл тіркестер ер адамның қорған, тірек, батыр ретіндегі рөлін көркем-символдық деңгейде бейнелейді. Ал әйел затына қатысты «*білегінің шырайы ай балтаның сабындай*», «*айдай сұлу*», «*қалам қас*», «*қарақат көз*», «*қыздың жиган жүгіндей*» сияқты тіркестер оның тән сұлулығын, көркем болмысын және эстетикалық мінсіздігін алдыңғы қатарға шығарады.

Сонымен қатар І. Кеңесбаев сөздігінде келтірілген қыз атауына қатысты фразеологизмдер тек эстетикалық сипатта ғана емес, ұлттық салт-дәстүрлер мен әлеуметтік қатынастар жүйесін де білдіреді, қыз баланың әлеуметтік мәртебесі, отбасылық дәстүрлер мен этномәдени нормалар тіл арқылы көрініс табады. Бұл фразеологизмдер қазақ халқының дүниетанымындағы гендерлік қатынастардың күрделілігі мен көпқырлылығын танытады.

Қорытынды

Қазақ фразеологиясы — халықтың ұлттық дүниетанымын, мәдениет пен тарихты бейнелейтін тілдік құрал. Қазақ фразеологиясындағы гендерлік концептілер ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдениет пен дәстүрдің көрінісі. Бұл концептілер арқылы қазақ қоғамындағы гендерлік рөлдер мен таптаурындар нығайып, ұлттық мәдениет пен дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде қалыптасады.

Зерттеу қазақ фразеологиясындағы гендерлік концептілердің әлеуметтік-мәдени рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Гендерлік мазмұндағы фразеологизмдер тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды сақтаушы және мәдени сәйкестікті нығайтушы элементтер екендігі даусыз. Гендерлік аспектіде талданған фразеологизмдер ұлттық тілдік санада қалыптасқан гендерлік концептілердің символдық репрезентациясы. Олар ер мен әйел бейнелерінің мәдени архетиптерін танытуға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге ықпал ететін тұрақты, мағыналық жүкке ие бірліктер санатына жатады. Осылайша, зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі гендерлік мазмұнды фразеологизмдер тек лингвистикалық емес, сонымен қатар этномәдени, әлеуметтік және прагматикалық деңгейде маңызды зерттеу нысаны бола алатынын көрсетті.

Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру қазақ мәдениетінің гендерлік ерекшеліктерін түсінуге және олардың қазіргі қоғамдағы рөлін айқындауға ықпал етеді. Алдағы уақыттағы зерттеулердің бағыты қазақ фразеологиясындағы гендерлік мәселелерді басқа тілдермен салыстыра зерттеу болуы тиіс. Мұндай зерттеулер гендерлік таптаурындардың әртүрлі мәдениеттер мен тілдерде қалай көрініс табатынын, сондай-ақ олардың мәдениетаралық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ фразеологизмдердегі гендерлік түсініктердің өзгеруін зерттеу қазіргі қоғамдағы гендерлік таптаурындардың қалай трансформацияланатынын түсіну үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Болғанбаев Ө. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы / Ө. Болғанбаев, Ғ. Қалиев. — Алматы: Санат, 1997. — 255 б.
- 2 Gulyamova S. The concept of gender and its place in linguistics / S. Gulyamova // Scientific Reports of Bukhara State University. — 2020. — No 2. — P. 15–30. <https://doi.org/10.52297/2181-1466/2019/3/2/6>.
- 3 Mitrofanova O. Gender issues in linguistics / O. Mitrofanova // World women studies journal. — 2019. — 4(1). — 12–23. <https://doi.org/10.46291/wwsj.v4i1.11>.
- 4 Hrabiiichuk M. The Concept of “Gender” in the Modern Scientific Paradigm / M. Hrabiiichuk, O. Lazebna // Young Scientist. — 2020. — No 6(82). — P. 369–372. <https://doi.org/10.32839/2304-5809/2020-6-82-74>.
- 5 Comrie B. Grammatical Gender Systems: A Linguist's Assessment / B. Comrie // Journal of Psycholinguistic Research. — 1999. — 28. — P. 457–466. <https://doi.org/10.1023/A:1023212225540>.
- 6 Cacciari C. The Neuropsychology of Grammatical Gender: An Introduction / C. Cacciari, R. Cubelli // Cortex. — 2003. — 39. — P. 377–382. [https://doi.org/10.1016/S0010-9452\(08\)70254-5](https://doi.org/10.1016/S0010-9452(08)70254-5).
- 7 Батлер Дж. Гендерное беспокойство / Дж. Батлер; сост. и комментарии Е.И. Гаповой и А.Р. Усмановой // Антология гендерных исследований. Сб. пер. — Мн.: Прополис, 2000. — С. 297–346.
- 8 Lakoff R. Language and Women's Place / R. Lakoff // Language in Society. — 1973. — № 2. — P. 45–79.
- 9 Cameron D. Gender, language and discourse: A review essay / D. Cameron // Signs: Journal of women in culture and society. — 1998. — Vol. 23. — No 4. — P. 945–971.
- 10 Yuldashbayevna N. Theoretical foundations of research in gender linguistics / N. Yuldashbayevna // American Journal of Philological Sciences. — 2025. — No 5(1). — P. 62–65. <https://doi.org/10.37547/ajps/volume05issue01-15>.
- 11 Nurfahmi A.P. Non-binary Gender Identities: The Language of Becoming' Sebastian Cordoba / A.P. Nurfahmi, M.N.E. Yassar, I.K. Wulandari // Gender and Language. — 2024. — Vol. 18. — No 2. — P. 1–4. <https://doi.org/10.1558/genl.30570>
- 12 Kishchenko N. Theoretical and historical principles of justification of the concept of gender in linguistics / N. Kishchenko, I. Morhun // Naukovi zapiski Nacional'nogo universitetu «Ostroz'ka akademiâ». Seriâ «Filologîâ». — 2022. — No 13(81). — P. 24–30. [https://doi.org/10.25264/2519-2558-2022-13\(81\)-24-26](https://doi.org/10.25264/2519-2558-2022-13(81)-24-26).
- 13 Kotek H. Gender bias and stereotypes in linguistic example sentences / H. Kotek, R. Dockum, S. Babinski, C. Geissler // Language. — 2021. — Vol. 97. — No 4. — P. 653–677. <https://doi.org/10.1353/lan.2021.0060>.

- 14 Кирилина А.В. Гендер. Лингвистические аспекты: моногр. / А.В. Кирилина. — М.: Ин-т социологии РАН, 1999. — 189 с.
- 15 Шоқым Г. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры: моногр. / Г.Т. Шоқым. — Алматы 2007. — 317 б.
- 16 González-Díaz V. “I Don’t Want to Do the Gender Division, but ...”: A Gendered Linguistic Ideological Perspective in Talk About Schoolchildren’s Writing in England / V. González-Díaz, S. Lampropoulou, E. Parr, P. Johnson // *Gender and Language*. — 2025. — Vol. 19. — No 1. — P. 54–80. <https://doi.org/10.3138/gl-2025-1003>
- 17 Қортабаева Г.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік сипатты фразеологизмдер / Г.Қ. Қортабаева, Н. Есімбекова // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. — 2013. — № 1(62). — Б. 104–108. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/373/0>
- 18 Мұхтарова Ф.С. Қазақ және түрік тілдерінде кездесетін «Ер адамға» қатысты фразеологизмдер / Ф.С. Мұхтарова // ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 3. — Б. 26–30.
- 19 Issayeva Z. Lingvogenderal Basis of “Man” Image in the Paremiological World / Z. Issayeva // Яссауи университетінің хабаршысы. — 2022. — № 1 (123). — Б. 44–54. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.04>.
- 20 Abdimaulen G. The national and cultural character of the concept “Woman” / G. Abdimaulen, G. Sagidolda // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*. — 2022. — No 139(2). — P. 20–30. <https://doi.org/10.32523/2616-678x-2022-139-2-20-30>
- 21 Бакытжанова А. Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках / А. Бакытжанова, Г. Шоқым, Э. Буранкулова, Б. Муратбек, Г. Есбергенова, А. Кушкарлова // *Oriental Studies*. — 2023. — T. 16. — № 5. — С. 1367–1381. <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381>.
- 22 Igissinova A. Gender stereotype: the features of development and functioning in the Kazakh language / A. Igissinova, G. Kossymova, Z. Mamyrkhanova // *Lodz Papers in Pragmatics*. — 2024. — No 6. — P. 200–210. <https://doi.org/10.1515/lpp-2024-0007>.)
- 23 Ramanova A. Expressing Gender Opposition in Kazakh Proverbs Through Metaphor / A. Ramanova, Z. Umatova, A. Abdulmanov, A. Uabiyeva, Z. Kurmanova, K. Zhumasheva, D. Kussainova // *Theory and Practice in Language Studies*. — 2024. — Vol. 14. — No. 5. — P. 1308–1317. <https://doi.org/10.17507/tpls.1405.03>.
- 24 Mustagaliyeva G. Influence of Gender-Marked Kazakh Proverbs on the Content of Cultural Stereotypes / G. Mustagaliyeva, A. Khairzhanova, R. Bissenbayeva, L. Muratova, A. Maratova, K. Koptleuova // *Forum for Linguistic Studies*. — 2024. — № 6(5). — P. 25–31. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6833>.
- 25 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І.К. Кеңесбаев. — Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. — 712 б.

К.Б. Жумашева, Г.Г. Турганалиева, А.М. Отесова

Гендерные особенности в фразеологических выражениях казахского языка: социально-культурные ценности и их языковое отражение

В статье всесторонне анализируются гендерные особенности фразеологических выражений в казахском языке с языковой, социальной и культурной точек зрения. Целью исследования является выявление языковой репрезентации образов мужчины и женщины, укоренившихся в национальном мировоззрении казахского народа, на основе фразеологических единиц, а также определение их роли в формировании гендерных ролей и стереотипов. Гендер рассматривается не только как грамматическая категория, но и как социально значимая конструкция, отражающая культурные установки через языковые средства. Теоретической основой послужили идеи Дж. Батлер о перформативности гендера как социально-культурной конструкции, выводы Р. Лакоффа о социальной обусловленности женской речевой манеры, а также концепции Д. Кэмерон о взаимосвязи языка и гендерных отношений. Использованы также труды отечественных исследователей, изучающих гендерную проблематику в казахском языкознании. Эмпирической базой послужил «Фразеологический словарь казахского языка» И. Кеңесбаева, из которого отобраны устойчивые выражения, репрезентирующие мужские и женские образы. Фразеологизмы, связанные с мужчинами, акцентируют мужество, силу, лидерство и стойкость; выражения, относящиеся к женщинам, подчеркивают нежность, красоту, чистоту и привлекательность. Эти особенности интерпретируются как языковое отражение традиционных гендерных ролей в казахском обществе. Отдельное внимание уделено функционированию гендерных оппозиций в поэтических текстах и фольклоре. В литературных примерах мужественный образ мужчины формируется через эпитеты и метафоры, в то время как женский образ ассоциируется с лирической нежностью и играет ключевую роль в создании художественного пространства. Гендерно маркированные фразеологизмы рассматриваются как лингвистические средства и элементы художественной выразительности. Представленные в статье материалы позволяют проследить взаимовлияние языка и культуры и охарактеризовать проявления гендерного сознания в национальной языковой картине мира. На конкретных примерах показано, как с помощью казахской фразеологии языковыми средствами кодируются гендерные структуры культуры и социальные нормы. Проведённое исследование открывает но-

вые перспективы для систематизации ценностей национальной культуры через анализ языковых средств гендерной репрезентации в казахском языке.

Ключевые слова: гендер, гендерные исследования, фразеологизмы, гендерные фразеологизмы, гендерная лингвистика, фразеологические единицы, гендерные стереотипы.

K.B. Zhumasheva, G.G. Turganaliyeva, A.M. Otesova

Gender Features in Kazakh Phraseological Expressions: Socio-Cultural Values and Their Linguistic Representation

The article provides a comprehensive analysis of gender-specific features of phraseological expressions in the Kazakh language from linguistic, social, and cultural perspectives. The aim of the study is to identify the linguistic representation of male and female images rooted in the national worldview of the Kazakh people through phraseological units, as well as to determine their role in shaping gender roles and stereotypes. Gender is considered not only as a grammatical category but also as a socially significant construct that reflects cultural attitudes through linguistic means. The theoretical foundation is based on J. Butler's ideas on the performativity of gender as a socio-cultural construct, R. Lakoff's conclusions on the social conditioning of women's speech patterns, as well as D. Cameron's concepts on the interrelation between language and gender relations. The study also draws on the works of domestic researchers exploring gender issues within Kazakh linguistics. The empirical basis of the study is the *Phraseological Dictionary of the Kazakh Language* by I. Kenesbayev, from which stable expressions representing male and female images were selected. Phraseological units associated with men emphasize courage, strength, leadership, and resilience, while expressions related to women highlight tenderness, beauty, purity, and attractiveness. These features are interpreted as the linguistic reflection of traditional gender roles in Kazakh society. The study revealed the important role of phraseological units in transmitting national and cultural codes and in the intergenerational transfer of values. It has been proven that phraseological expressions function not only as linguistic but also as sociocultural tools that shape gender worldviews, preserve cultural memory, and regulate gender relations within society. Particular attention is given to the functioning of gender oppositions in poetic texts and folklore. In literary examples, the masculine image is constructed through epithets and metaphors, while the female image is associated with lyrical tenderness and plays a key role in shaping the artistic space. Gender-marked phraseological units are viewed as linguistic tools and elements of artistic expression. The materials presented in the article make it possible to trace the interplay between language and culture and to characterize the manifestations of gender consciousness in the national linguistic worldview. Through concrete examples, the study demonstrates how Kazakh phraseology encodes gender structures of culture and social norms by linguistic means. The conducted study opens new perspectives for systematizing the values of national culture through the analysis of linguistic means of gender representation in the Kazakh language.

Keywords: gender, gender studies, phraseological expressions, gendered phraseology, gender linguistics, phraseological units, gender stereotypes.

References

- 1 Bolganbaev, A., & Kaliev, G. (1997). *Qazirgi qazaq tili leksikologiasy men frazeologiasy* [Lexicology and Phraseology of the Modern Kazakh Language]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Gulyamova, S. (2020). The concept of gender and its place in linguistics. *Scientific Reports of Bukhara State University*, 2, 15–30. <https://doi.org/10.52297/2181-1466/2019/3/2/6>
- 3 Mitrofanova, O. (2019). Gender issues in linguistics. *World Women Studies Journal*, 4(1), 12–23. <https://doi.org/10.46291/wwsj.v4i1.11>
- 4 Hrabichuk, M. & Lazebna, O. (2020). The concept of “Gender” in the Modern Scientific Paradigm. *Young Scientist*, 6(82), 369–372. <https://doi.org/10.32839/2304-5809/2020-6-82-74>
- 5 Comrie, B. (1999). Grammatical gender systems: A linguist's assessment. *Journal of Psycholinguistic Research*, 28, 457–466. <https://doi.org/10.1023/A:102321222554>
- 6 Cacciari, C., & Cubelli, R. (2003). The Neuropsychology of Grammatical Gender: An Introduction. *Cortex*, 39, 377–382. [https://doi.org/10.1016/S0010-9452\(08\)70254-5](https://doi.org/10.1016/S0010-9452(08)70254-5)
- 7 Butler, J. (2000). *Gendernoe bespokoistvo* [Gender Trouble]. In E.I. Gapova & A.R. Usmanova (Eds.). *Antologiya gendernykh issledovaniy — Anthology of Gender Studies* (pp. 297–346). Minsk: Propilei [in Russian].
- 8 Lakoff, R. (1973). Language and Women's Place. *Language in Society*, 2, 45–79.
- 9 Cameron, D. (1998). Gender, language and discourse: A review essay. *Signs: Journal of Women in Culture and Society*, 23(4), 945–971.
- 10 Yuldashbayevna, N. (2025). Theoretical foundations of research in gender linguistics. *American Journal of Philological Sciences*, 5(1), 62–65. <https://doi.org/10.37547/ajps/volume05issue01-15>

- 11 Nurfahmi, A.P., Yassar, M.N.E., & Wulandari, I.K. (2024). Non-binary Gender Identities: The Language of Becoming Sebastian Cordoba. *Gender and Language*, 18(2), 1–4. <https://doi.org/10.1558/genl.30570>
- 12 Kishchenko, N., & Morhun, I. (2022). Theoretical and historical principles of justification of the concept of gender in linguistics. *Naukovi zapiski Nacional'nogo universitetu «Ostroz'ka akademiâ». Seriâ «Filologîâ»*, 13(81), 24–30. [https://doi.org/10.25264/2519-2558-2022-13\(81\)-24-26](https://doi.org/10.25264/2519-2558-2022-13(81)-24-26)
- 13 Koteck, H., Dockum, R., Babinski, S., & Geissler, C. (2021). Gender bias and stereotypes in linguistic example sentences. *Language*, 97(4), 653–677. <https://doi.org/10.1353/lan.2021.0060>
- 14 Kirilina, A.V. (1999). *Gender. Lingvisticheskie aspekty* [Gender. Linguistic aspects]. Moscow: Institut sotsiologii Rossiiskoi Akademii Nauk [in Russian].
- 15 Shokym, G. (2007). Qazaq til biliminiñ genderlik tuǵyry: monografia [*Gender Framework of Kazakh Linguistics: Monograph*]. Almaty [in Kazakh].
- 16 González-Díaz, V., Lampropoulou, S., Parr, E., & Johnson, P. (2025). “I don't want to do the gender division, but ...”: A Gendered Linguistic Ideological Perspective in Talk About Schoolchildren's Writing in England. *Gender and Language*, 19(1), 54–80. <https://doi.org/10.3138/gl-2025-1003>
- 17 Kortabaeva, G.K. & Esimbekova, N. (2013). Qazaq tilindegi genderlik sipatty frazeologizmdler [*Gendered Phraseological Units in the Kazakh Language*]. *Qazaq Ultyq Universitetinin Khabarshysy. Shygystanu seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Oriental Studies series*, 1(62), 104–108. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/373/0> [in Kazakh].
- 18 Mukhtarova, F.S. (2021). Qazaq zháne túrik tilderinde kezdesetin «ER adamǵa» qatysty frazeologizmdler [*Phraseological Units Related to “Man” in Kazakh and Turkish Languages*]. *L.N. Gumilev atyndagy Evraziia Ultyq Universitetinin Khabarshysy. Filologia Seriasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 3, 26–30 [in Kazakh].
- 19 Issayeva, Z. (2022). *Lingvogendral Basis of «Man» Image in the Paremiological World. Isauy universitetinin habarshysy — Bulletin of the Isavi University*, 1 (123), 44–54. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.04>.
- 20 Abdimaulen, G., & Sagidolda, G. (2022). *The National and Cultural Character of the Concept “Woman”*. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, 139(2), 20–30. <https://doi.org/10.32523/2616-678x-2022-139-2-20-30>.
- 21 Bakytzhanova, A., Shokym, G., Burankulova, E., Muratbek, B., Yesbergenova, G., & Kushkarova, G. (2023). Osobennosti frazeologicheskogo modelirovaniia gendernykh stereotipakh v tiurkskikh yazykakh [*Features of Phraseological Modeling of Gender Stereotypes in Turkic Languages*]. *Oriental Studies*, 16, 5, 1367–1381. <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381>.
- 22 Igissinova, A., Kossymova, G., & Mamyrkhanova, Z. (2024). *Gender Stereotype: The Features of Development and Functioning in the Kazakh Language*. *Lodz Papers in Pragmatics*, 6, 200–210. <https://doi.org/10.1515/lpp-2024-0007>.
- 23 Ramanova, A., Umatova, Z., Abdulmanov, A., Uabiyeva, A., Kurmanova, Z., Zhumasheva, K., & Kussainova, D. (2024). *Expressing Gender Opposition in Kazakh Proverbs Through Metaphor*. *Theory and Practice in Language Studies*, 14 (5), 1308–1317. <https://doi.org/10.17507/tpls.1405.03>.
- 24 Mustagaliyeva, G., Khairzhanova, A., Bissenbayeva, R., Muratova, L., Maratova, A., & Koptleuova, K. (2024). *Influence of Gender-Marked Kazakh Proverbs on the Content of Cultural Stereotypes*. *Forum for Linguistic Studies*, 6(5), 25–31. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6833>.
- 25 Kenesbaev, I.K. (1977). *Qazaq tiliniñ frazeologialyq sózdigi* [*Phraseological Dictionary of the Kazakh Language*]. Almaty [in Kazakh].

Information about the authors

Zhumasheva Kamshat Berikovna (corresponding author) — PhD, Uralsk, Kazakhstan; e-mail: kama0186@mail.ru

Turganaliyeva Ganmirkun Ganmirhanovna — Master of Pedagogical Sciences Uralsk, Kazakhstan; e-mail: ganna_tgg@mail.ru

Otesova Akku Mukhitkyzy — Master's student, Uralsk, Kazakhstan; e-mail: akku18042003@gmail.com